

Ж.М. Тулибаева* , **Т.Е. Тулибаев** 

Сүлеймен Демирел атындағы университеті, Қазақстан, Қаскелең қ.

*e-mail: tulibay@gmail.com

ЕРТЕ ТИМУРИДТІК ТАРИХНАМАДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Мақалада «Зафар-наме», «Шамс ал-хусн» және «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» сияқты ерте тимуридтік тарихнама шығармалары қарастырылады. «Зафар-наме» тимуридтік тарихнаманың қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Темір әулеті мемлекетінің құрылу тарихы туралы ресми еңбек жазылды. Ходжа Таж ад-Дин Салманидің «Шамс ал-хусн» тарихи шығармасы негізінен оның жеке бақылаулары негізінде жазылған. Автор сарай хатшысы және Ұлықбектің нөкерлерінің бірі ретінде өзі сипаттаған көптеген оқиғалардың күегері және қатысушысы болған. «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» ұлыстар, түркі және моңғол әскери құрылымы туралы көптеген мәліметтерді қамтиды. Шығарма авторы моңғол және түркі терминдерін қолданылуы туралы түпнұсқалық мәліметтер келтіреді.

Парсы тілінде жазылған Низам ад-Дин Шами, Ходжа Таж ад-Дин Салмани және Му ин ад-Дин Натанзи тарихи шығармалары XIII – XV ғ. басы аралығындағы Қазақстан тарихы бойынша маңызды дерек көздері болып табылады. Өйткені, Шыңғысхан әулеті мен Темір әулеті арасындағы саяси, экономикалық және туыстық байланыстар тимуридтік тарихшылар тарапынан Дешті-Қыпшақ пен Шыңғысхан әулетін сипаттауға ерекше қызығушылық тудырған. Тимуридтік тарихнамашылардың тарихи еңбектерінде осы күнге дейін сақталмаған жазбаша дереккөздерден алынған мәліметтер келтірілген. Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландыратын ғылыми жоба аясында даярланған (Грант № AP08856086).

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, Темір әулеті тарихнамасы, Низам ад-Дин Шами, Таж ад-Дин Салмани, Му'ин ад-Дин Натанзи.

Zh.M. Tulibayeva*, T.E. Tulibayev

Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen

*e-mail: tulibay@gmail.com

The History of Kazakhstan in the Early Timurid Historiography

This article considers works of the early Timurid historiography: the Zafar-name, the Shams al-Husn, and the Muntakhab al-Tavarikh-i Mu'ini. The Zafar-name played an important role in the formation of the Timurid historiography. The first official work on the history of the formation of the Timurid state was created. The historical work the Shams al-Husn was mainly written based on personal observations of Khoja Taj al-Din Salmani. The author, being the court secretary and being in the retinue of Ulugbek, was a witness and participant in many events described by him. The Muntakhab al-Tavarikh-i Mu'ini contains numerous information about the structure of uluses, about the structure of the Turkic and Mongolian troops. The author in the work provides original information about the use of Mongolian and Turkic terms.

The historical works of Nizam al-Din Shami, Khoja Taj al-Din Salmani, and Mu'in al-Din Natanzi are in Persian and represent important sources on the history of Kazakhstan of the 13th – the beginning of the 15th centuries. The political, economic, and family ties between Chingizids and Timurids predefined the special interest of Timurid historians for the description of Desht-i Kipchak and Ulus of Chingizids. The historical works of Timurid historiographers provide information from written sources that have not survived to this day. This research has been funded by the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP08856086).

Key words: History of Kazakhstan, Timurid historiography, Nizam al-Din Shami, Khoja Taj al-Din Salmani, Mu'in al-Din Natanzi.

Ж.М. Тулибаева*, Т.Е. Тулибаев

Университет имени Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Каскелен

*e-mail: tulibay@gmail.com

История Казахстана в ранней тимуридской историографии

В статье рассматриваются сочинения ранней тимуридской историографии: «Зафар-наме», «Шамс ал-хусн» и «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини». «Зафар-наме» сыграло важную роль в становлении тимуридской историографии. Он был создан как первый официальный труд по истории становления государства Тимуридов. Исторический труд «Шамс ал-хусн» в основном написан на основании личных наблюдений Ходжи Тадж ад-Дин Салмани. Автор, будучи придворным секретарем и находясь в свите Улугбека, был свидетелем и участником многих описываемых им событий. «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» содержит многочисленные сведения об устройстве улусов, о структуре тюркских и монгольских войск. Автор в сочинении приводит оригинальные сведения об употреблении монгольских и тюркских терминов.

Исторические труды Низам ад-Дин Шами, Ходжи Тадж ад-Дин Салмани и Му ин ад-Дин Натанзи написаны на персидском языке и представляют собой важные источники по истории Казахстана XIII – начала XV веков. Политические, экономические и родственные связи между Чингизидами и Тимуридами предопределили особый интерес тимуридских историков к описанию Дешт-и Кипчака и Улусов Чингизидов. В исторических трудах тимуридских историографов приводятся сведения из письменных источников, которые не сохранились до наших дней. Статья подготовлена в рамках научного проекта, финансируемого Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № АР08856086).

Ключевые слова: история Казахстана, тимуридская историография, Низам ад-Дин Шами, Ходжа Тадж ад-Дин Салмани, Му'ин ад-Дин Натанзи.

Кіріспе

Темір әулеті (771-912/1370-1507) өз артында жалпы және әулеттік шежірелер, жылнамалар, естеліктер, өмірбаяндар, тарихи-географиялық және тарихи-әдеби еңбектер, тарихи анықтамалықтар түріндегі бай тарихнамалық мұра қалдырған. 804/1402 жылы Әмір Темірдің бұйрығымен (736-807/1336-1405) оның билікке келу тарихы және билік құрған кезеңін сипаттауға арналған тарихи шығарма бойынша жұмыс басталып, оны жазу міндеті Низам ад-Дин Шамиға жүктелген. Туынды авторы сондай-ақ, Маулана Низам ад-Дин Шанбий, Маулана Низам ад-Дин Шанби Газаний немесе Низам Тебризи деген есімдермен де белгілі.

Низам ад-Дин Шами Тебриз маңында орналасқан Шанби Газан аймағында дүниеге келген. Дүниеге келген және қайтыс болған жылдары туралы нақты ақпарат жоқ. Америкалық зерттеуші Дж. Вудстың пікірінше Низам ад-Дин Шами шамамен 812/1409 ж. дейін өзінің отаны – Әзербайжанда дүниеден озған (Woods 1987: 87). Низам ад-Дин Шами Ирак пен Әзірбайжан аумағындағы Хулагуидтер (654-744/1256-1344) ізбасарлары Жалайыр сұлтандығына қызметке тұрған.

Низам ад-Дин Шами І Шейх Ауайс Жалайырдың (1356-1374) бұйрығымен Мухаммад б. 'Аб-

дуллах б. Зафар Макки Андалуси 1159 жылы жазған «Сулван ал-мута' фи 'удван ал-атба'» («Патшалар бағы мұңымен әдемі») еңбегін араб тілінен парсы тіліне аударды. Ирандық зерттеуші Д. Пажух автордың Мұхаммед пайғамбар және он екі имамның қысқаша өмірбаяндарына арналған тағы бір еңбегі болғандығын және оның шын аты Әли б. Мұхаммед, тек кейіннен ғана ол Низам әл-Ва'из есімімен көбірек танымал болғандығы туралы мәлімдейді (Стори 1972: 788). Аталған шығарманы 1409 жылы Низам ад-Дин Шамидің інісі Хумам Табиб қайта көшіріп жазған. Және бұл тізімде Низам ад-Дин Шамидің қайтыс болғандығы көрсетіледі.

Әмір Темір Бағдатты басып алған 1393 жылы Низам ад-Дин Шами сол жерде болып, қызметке қабылданған. 1404 жылға дейін ол Әмір Темір нөкерлерімен бірге болған және оның әскери жорықтарына құпия ақпарат беруші ретінде қатысқан. Әмір Темір Низам ад-Дин Шамиға тарихи шығарма жазуды тапсырып, онда асыра көптірмелілік пен аса мәнерлеп сөйлеу талғампаздығы орын алмауы керек деген талап қойған. Бұл жұмыстың мазмұны қарапайым оқырманға түсінікті болуы керек еді (Woods 1987: 86). Кейін «Зафар-наме» («Жеңістер кітабы») атау алған Низам ад-Дин Шамидің шығармасы 806/1404 жылдың рамазан айында / наурызында аяқталған (Woods 1987: 86).

«Зафар-наме» екі бөлімнен тұрған. Бірінші бөлім 1358 жылғы оқиғаларға дейінгі моңғолдар мен түріктердің тарихына арналған. Екінші бөлімде Әмір Темірдің 1358 – 1404 жылдар аралығындағы билік тарихы баянадалды. «Зафар-наме» тимуридтік тарихнаманың қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Темір әулеті мемлекетінің құрылу тарихы туралы ресми еңбек жазылды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қолжазбалық шығармалар тарихи оқиғалардың тікелей қатысушылары немесе куәгерлері тарапынан жазылғандығымен, сондай-ақ көптеген парсы, араб және түрік деректерінің негізінде, далалық ауызша тарих айту дәстүрінің, оқиға желісінен хабары бар тұлғалардың ауызша мәліметтерінің негізінде құрастырылғандығымен үнемі шығыстанушылардың назарын аударып отырды.

Парсы тілінде жазылған Низам ал-Дин Шами, Тадж ал-Дин Салмани және Му'ин ал-Дин Натанзи тарихи шығармалары XIII – XV ғ. басы аралығындағы Қазақстан тарихы бойынша маңызды дерек көздері болып табылады. Өйткені, Шыңғысхан әулеті мен Темір әулеті арасындағы саяси, экономикалық және туыстық байланыстар тимуридтік тарихшылар тарапынан Дешті-Қыпшақ пен Шыңғысхан әулетін сипаттауда ерекше қызығушылық тудырған.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаламен жұмыс барысында шығыстық деректану саласы бойынша жетекші шығыстанушылардың жасаған әдістері қолданылды: ақпараттарды іздеу және жинау әдістері, жүйелеу әдістері, сыни іріктеу әдістері, деректанулық талдау және деректанулық синтездеу әдістері. Деректанулық әдістердің мақсаты – деректі тарихи құбылыстың жемісі ретінде өзіндік бағасын беру және бұл мағынада зерттеу нәтижесі толыққанды деп есептеледі.

Нәтижелері және талқылама

«Зафар-наменің» екі редакциясы бізге жеткен. Біріншісі жорықтан кейін 1404 жылы Әзірбайжанға оралған Әмір Темірге ұсынылған. Бұл қолжазба тізімнің атауы бүгінге дейін белгісіз. Екінші нұсқа 1404 жылы 26 наурызда Карабахта Әмір Темір немересі Мырза Омар б. Мираншахқа «Хулагу хан тағын» (Батыс Иран

мен Әзірбайжан) тарту кезінде ұсынылған. Бұл нұсқа «Зафар-наме» деп аталған. Қолжазба тізіміне кейбір стилистикалық өзгерістер, кіріспе және Мырза Омарға арналған шағын қосымша (зайл) енгізілген (Shami, 1937).

Низам ад-Дин Шами «Зафар-намені» жазуда ресми құжаттарды, тимуридтік көшірмеші-хатшылардың жазбаларын, жеке әскери жорықтардың сипаттамаларын қамтитын әр түрлі күнделіктерді, жорықтарға қатысушылар және Темір әулеті серіктестерінің ауызша хабарламаларын, сондай-ақ Әмір Темірдің өзінің әңгімелерін пайдаланған (Материалы, 1973: 101).

Шығарма авторы оқиғаларды жыл, ай, күні, кейде тіпті апта күнін көрсете дәл белгілеген. Осы жағдайды ескере келе Дж. Вудс «Зафар-наме»ні жазуда осы күнге дейін сақталмаған «Рузнамәйи футухат-и Дашт» («Далалық жаулаулар күнделігі») дереккөз ретінде қолданылған деген болжау ұсынады (Woods, 1987: 87). Америкалық зерттеуші Низам ад-Дин Шами мен басқа да тимуридтік тарихшылардың еңбектерін салыстыру негізінде «Футухат-и Шам ва Рум» («Шам мен Румның жаулап алулары») деген атпен Әмір Темірдің батысқа соңғы жорықтарының хроникасы болған деген қорытынды жасайды. Низам ад-Дин Шами бұл дереккөзден алынған мәліметтерді ішінара «Зафар-намеге» енгізген, кейін оны Шихаб ад-Дин Мұхаммед Мунши де пайдаланған (Woods, 1987: 87). Келесі онжылдықтарда Әмір Темірдің кіші ұлы Шахрухтың бұйрығымен (779-850/1377-1447) «Зафар-наме» еңбегіне кейбір түзетулер мен толықтырулар енгізіліп, Темір әулетінің сарай тарихшыларымен жалғастырылған.

Низам ад-Дин Шамидің еңбегінде Қазақстанның XIV – XV ғасырдың бас кезіндегі тарихы туралы маңызды мәліметтер берілген. Мысалы, Әмір Темірдің 793/1391 жылы Дешті Қыпшаққа жасаған алғашқы жорығы туралы толық әңгімесі.

813/1410 жылы Шахрух б. бұйрығымен Ходжа Тадж ад-Дин Салмани «Зафар-наменің» жалғасы ретінде өзінің «Шамс аль-хусн» («Сұлулық күні») шығармасын жазуды бастаған (Woods, 1987: 83). Исфханның тумасы Ходжа Тадж ад-Дин Салмани Музаффаридтерде (713-795/1313-1393) қызметте болған. 788/1386 жылы Мубариз ад-Дин Мұхаммедтің ұлы Сұлтан Баязид сарайында қызмет еткен (Woods, 1987: 88). Музаффаридтер әулетін Темір әулеті бағындырғаннан кейін Әмір Темірге хатшы ретінде қызметке орналасқан Ходжа Тадж ад-

Дин Салмани 800/1397-98 жылы Шираздан Самарқандқа көшеді. Темір әулеті сарайында болған кезде ол білікті каллиграф, ерекше жазу – та‘лик авторы ретінде танымал болады (Куми, 2016: 123-124).

807-811/1405-1409 жылдар аралығында Ходжа Тадж ад-Дин Салмани Халил-Сұлтан б. Мираншах (786-814/1384-1411) сарайында хатшы қызметін атқарған. Халил-Сұлтанның билігі құлаған кезде ол тұтқындалған. Бірақ кейін босатылып, Шахрухтың жарлығымен Мәуереннаһр билеушісі болып тағайындалған Ұлықбек (796-853/1394-1449) сарайында қызметке қабылданды.

Ходжа Тадж ад-Дин Салмани Әмір Темірдің 807/1404 ж. мухаррам/шілде айында Самарқанға салтанатты түрде оралуын сипаттаудан басталатын «Шамс ал-хусн» атты еңбегін Самарқанда жазған. Шығарма Тимуридтер мемлекеті тарихының бес жылдық кезеңін қамтып, 811/1409 жылдың зуль-ка‘ад/наурыз айында Халил-Сұлтан билігінің құлатылуын баяндаумен аяқталады (Woods, 1987: 88). Ходжа Тадж ад-Дин Салмани өз жұмысын Темір ұрпақтары билеушілер Шахрух пен Ұлықбекке, сондай-ақ ықпалды әмір Шахмәлікке арнаған.

Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін орын алған оқиғалар туралы дерек мәліметтері өте құнды. Шахрухтың Хорасан мен Мәуереннаһрда билікке келу жағдайлары, оның Теміридтер мемлекетінің тағына қатысты заңды талаптары толық баяндалған. «Шамс ал-хусн» тарихи шығармасы негізінен Ходжа Тадж ад-Дин Салманидің жеке бақылаулары негізінде жазылған. Автор сарай хатшысы және Ұлықбектің нөкерлерінің бірі ретінде өзі сипаттаған көптеген оқиғалардың куәгері және қатысушысы болған. Ол сонымен қатар оқиғаларға тікелей қатысушылардың әңгімелерін пайдаланған. Дж. Вудстың пікірінше, Ходжа Тадж ад-Дин Салмани өз жұмысын жазған кезде басқа жазбаша дереккөздерден ақпарат пайдаланбаған (Woods 1987: 88).

«Шамс ал-хусн» шығармасында берілген ең құнды ақпарат ретінде Ұлықбектің билік ету кезеңі тарихына қатысты деректерді көрсетуге болады. Әмір Ходжа Сайф ад-Дин, әмір Уч-Кара және Хитай Бахадур сияқты көрнекті әскери басшылардың шығу тегі туралы ақпарат ерекшеліктері дерек көздің маңыздылығын арттырады. Салманидің еңбегінде берілген кейбір мәліметтер Қазақстан тарихын зерттеуде де ерекше қызығушылық тудырады. Мәселен, Қытайға жорығы алдында Әмір Темірдің Ах-

мет Ясауи қабіріне зиярат еткендігі айтылған, ұлы қолбасшының өмірінің соңғы жылдары мен 1405 жылдың ақпан айында Отырарда дүниеден озуы баяндалған (as-Salmānī 1956).

Жалпы тарих бойынша алғашқы еңбектердің бірі 1413-14 ж. Әмір Темірдің немересі Искандар б. ‘Умар-Шайхтың (786-818/1384-1415) бұйрығымен жазылған. Шығарма «Искандар анонимі» және «Мунтахаб ат-таварих-и Му‘ини» («Му‘инидің таңдамалы шығармалары») деген атаулармен белгілі. Академик В.В. Бартольд Давлатшах Самарқандидің «Газкират аш-шу‘ара» шығармасынан алынған мәліметтер негізінде атаулы еңбекті «Искандар анонимі» деп атады (Миклухо-Маклай, 1975: 77). Тарихи еңбек авторы Му‘ин ад-Дин Натанзи Исфаканнан 20 фарсах қашықтықта орналасқан Натанз қаласында дүниеге келген. Ч.А. Стори пікірінше шын мәнінде ол сеистандық болған (Стори, 1972: 339). Джон Вудс оның шиит болғанын, 817/1414 жылға дейін Ширазда өмір сүргендігін, Фарс әміршісі Искандер б. Умар-Шайхке қызмет еткендігін атап көрсетеді (Woods, 1987: 89).

«Мунтахабат-таварих-и Му‘ини» шығармасы зерттеушілердің бірнеше буыны тарапынан зерттелген және бүгінде бұл еңбекке қатысты әр түрлі пікірлер орын алған. Америкалық ғалым Джон Вудс өзінің тимуридтік тарихнамаға қатысты зерттеуінде Му‘ин ал-Дин Натанзи шығармасын зерттеуде В.В. Бартольд, Ж. Обэннің сіңірген еңбектерін ерекше атап көрсетеді (Woods, 1987: 89-93). Ғалымның пікірінше, шығарма Иран мен Орталық Азияға тән көшпелі және отырықшы өмір салты арасындағы динамикалық қатынастарды бейнелейтін мәдени құжат ретінде ерекше назар аударуға тұрарлық еңбек (Woods, 1987: 93).

1941 жылы В.Г. Тизенгаузен аударуы және С.Л. Волин өңдеуімен «Искандар анонимі» шығармасынан үзінділер аудармасы жарияланды (Тизенгаузен, 1941: 126-138). Алтын Орда тарихы бойынша өз зерттеулерінде ғалымдардың көпшілігі Натанзи шығармасынан алынған деректерді қолдануда жоғарыда аталған жинақтан алынған үзінділерге сүйенетіндерін атап өту керек. Алайда, атаулы аудармада мәгіндік үзінділерді қалдыру және жекелеген қателер орын алған, сонымен қатар шығармадағы Алтын Орда тарихына қатысты материалдардың үштен бір бөлігі ғана ғылыми айналымға енгізілген. Қысқа үзінділердің аудармасы Британия кітапханасында сақталған қолжазбадан алынған жекелеген мәліметтер қолданыла отырып, Ресей

Ғылым академиясының Шығыс қолжазбалары институтында сақталған бірінші нұсқасы негізінде дайындалған. Аудармада берілген алғысөзде С.Л. Волин атап көрсеткендей, «сирек түрік және моңғол сөздеріне толы мәтіннің көптеген жерлері түсініксіз болып қалды. Сол себепті біз Алтын Ордаға қатысты «Анонимнің» кейбір үзінділерін жариялаудан бас тарттық», делінген (Тизенгаузен, 1941: 127).

2003 жылы «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» берілген «Шағатай әулетінің шежіресі» тарауының аудармасы А. Зияевтың авторлығымен жарық көрді (Материалы, 2003: 102-136). А. Зияевтің аудармасы қолжазбаның Тегерандық басылымы негізінде жүзеге асырылған. Шағатай ұлысының тарихына қатысты дерек көздер бұған дейін қырғыздар тарихына қатысты жинақта аздап қолданылған (Материалы, 1973: 112-127). А. Зияевтің пікірінше, О.Ф. Акимускиннің аудармасын өзінің материалымен салыстыру шығарманың тізімдерде және басылымдарында сәйкессіздіктердің барлығын анықтап көрсетеді (Материалы, 2003: 103).

Алтын Орда тарихын зерттеуде «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» шығармасының материалдарын көптеген ғалымдар пайдаланған. Алайда, осы уақытқа дейін дерек көзде берілген ақпараттың сенімділігіне қатысты пікірлер әр түрлі болып келеді (Греков, 1950; Allsen, 1985; Schamiloglu, 1986; Султанов, 2001; Костюков, 2007; Тулибаева, 2008). Сонау өткен ғасырдың 20-шы жылдары академик В.В. Бартольд атаулы дерек көзде берілген мәліметтер нақтылығына қатысты өзінің сыни көзқарасын білдірген (Бартольд, 1968: 139). Атақты археолог және Алтын Орда нумизматикасы бойынша маман Г.А. Федоров-Давыдов Өзбек-Тоғрулдың әкесі билігі туралы мәліметтердегі «өрескел қателікті» атай келе «Искандар анонимінде» сол қанатқа қатысты оқиғалар нұсқасы дәлірек және толығырақ» деп көрсеткен (Федоров-Давыдов, 1973: 139-140).

«Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» қазақ хандары әулетінің негізін қалаушылардың арғы атасы Орыс ханның арғы тегі туралы ертеден келе жатқан даудың дерек көзі болмақ (Юдин, 1992: 67). Т.И. Султанов өз еңбектерінде осы дереккөздің мәліметтеріне сүйене келе, Орыс хан Орда-Еженнің ұрпағы деп тұжырымдаған (Султанов, 2001). 2013 жылы Қ.З. Өскенбай авторлығымен шыққан еңбекте де осы нұсқаны қолдайтын дәлелдер келтірілген (Ускенбай, 2013).

Му'ин ад-Дин шығармасында өзінің еңбегі қашан жазылғандығын еш жерде атап көрсет-

пейді. «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» зерттеушілері еңбекте берілген жанама мәліметтерге сүйене оның жазылған уақытын 816/1413-14 ж. деп белгілейді (Миклухо-Маклай, 1975: 77). Му'ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» атты еңбегі «әлемнің жаратылуынан» 807/1405 жылдарға дейінгі аралықтағы жалпы тарихқа арналған. Тарихи еңбек алғысөзден, кіріспеден және үш бөлімнен (қисм) тұрады. Шығарманың бөлімдері тарауларға (табака), ал тараулары бөлімшелер мен бөліктерге бөлінген. Кіріспеде әлемнің жаратылуы, Адамның пайда болуы, оның ұрпақтары, Нұх пен оның ұрпақтары туралы әңгімелер берілген.

Бірінші бөлім – Иранның аңызға айналған және ежелгі патшалары, сол кездегі басқа елдердің замандас билеушілері, Мұхаммед пайғамбар туылғанға дейінгі пайғамбарлар мен данышпандар: 1) Пишдадидтер; 2) Кайянидтер; 3) Ұлы Ескендір және «тайпалар патшалары»; 4) Ұлы Ескендірден кейінгі гректер; 5) Ысқақ ұрпақтары; 6) Дәуіт және оның ұрпақтары; 7) Ибраһим және оның ұрпақтары; 8) Арсакидтер (Ашканидтер); 9) Сасанидтер; 10) Рим императорлары; 11) Грек (Византия) императорлары; 12) Рим папалары; 13) Иран патшаларына замандас араб патшалары; 14) Араб патшалары: а) Ұлы Тубба, ә) Йемен патшалары, б) Эфиопия патшалары; 15) Мұхаммед пайғамбардың шежіресі.

Екінші бөлім – Мұхаммед пайғамбардың тарихы, оның Аббасидтерге дейінгі мұрагерлері; Аббасидтерге замандас билеушілер:

Бірінші тарау – 1) Мұхаммед пайғамбар, Әділ халифтер; 2) Имамдар; 3) Фатимадан туылмаған Әли ұлдары және олардың ұрпақтары; 4) Пайғамбардың сахабалары; 5) Омейяд руынан шыққан билеушілер; 6) Аббасидтер; 7) Фатимидтер;

Екінші тарау – 1) Саффаридтер; 2) Саманидтер; 3) Буидтер; 4) Ғазнавидтер; 5) Селжуктер: а) Иранның Селжуктері, б) Керманның Селжуктері, б) Рум Селжуктері; 6) Табаристан және Джурджан маликтері; 7) Гуридтер; 8) Мысыр сұлтандары: а) Айюбидтер, ә) Айюбидтердің ізбасарлары; 9) Хорезм сұлтандары; 10) Сирия және Дийарбекр атабақтері; 11) Салгуридтер; 12) Исмаилиттер; 13) Шабангар маликтері; 14) Ормуз маликтері; 15) Керман (Қарақытай) маликтері; 16) Йазд маликтері; 17) Лурлардың шығу тегі: а) Үлкен Лурдың атабақтері, ә) Кіші Лурдың атабақтері;

Үшінші бөлім – түркі және моңғол тайпаларының, моңғол хандары мен олардың мұра-

герлерінің тарихы. Бұл бөлім томы 13 тараудан тұрады: 1) Түркі және моңғол тайпаларының шығу тегі; 2) Шыңғыс хан; 3) Шыңғыс ханның ұлдары; 4) Қытайда билік жүргізген моңғол хандары; 5) Жошы ханның ұрпақтары туралы тарау; 6) Шағатай отбасы туралы тарау; 7) Хулагу хан туралы тарау; 8) Тага-Теміридтер; 9) Чубан ұрпақтары туралы тарау; 10) Махмуд Шах Инджудың ұрпақтары туралы тарау; 11) Мұхаммед Музаффар ұрпақтары туралы тарау; 12) Мавара ал-нахр билеуінен шыққан әмірлер туралы тарау; 13) Хазрат Султан Сахиб-киран туралы тарау.

Үшінші бөлімнің тек төртінші тарауы ғана нөмірленген, ал басқа тарауларда нөмірлеу берілмеген.

XII-XIV ғғ. Қазақстан тарихын зерттеу үшін «Табәге-йи авлад-и Джучи хан» атты бесінші тарауда қамтылған мәліметтер өте маңызды («Жошы ханның ұрпақтары туралы» тарау өте маңызды. Бұл тарау жеті бөлімнен (зикр)» тұрады (Natanzi, 1957: 68-102): 1) Бату билігі туралы хикая (Natanzi, 1957: 69-72); 2) Беркай (Берке) билігі туралы хикая (Natanzi, 1957: 72-74); 3) Мөңке-Темір билігі туралы хикая (Natanzi, 1957: 74); 4) Туда-Мөңке билігі туралы хикая (Natanzi, 1957: 75-77); 5) Тоқта билігі туралы хикая (Natanzi, 1957: 77-82).

Алтыншы бөлім – «Көк Орда сұлтандары (тармақтары) туралы хикая» (Natanzi, 1957: 82-87) келесідей бөлімшелерден тұрады: Тұғырыл б. Тұқта билігі туралы хикая; Тұғырыл Хан б. Өзбек хан билігі туралы хикая; Өзбек хан б. Жәнібек ханның билігі туралы хикая; Жәнібек хан б. Бердібек ханның билігі туралы хикая; Гилдибиктің билігі туралы хикая; Орда-шейх туралы хикая; Хизр билігі туралы хикая; Хульф билігі туралы хикая; Тимур-ходжа билігі туралы хикая; Мурид билігі туралы хикая; Азиз патшалығы туралы хикая; Қажы билігі туралы хикая; Джеркес (Черкес) билігі туралы хикая; Тоқтамыстың билігі туралы хикая; Джалаледдин Сұлтан туралы хикая; Джаббарбирди туралы хикая.

Жетінші бөлім – «Ақ Орда сұлтандары туралы хикая» (Natanzi, 1957: 88-102) келесідей бөлімшелерден тұрады: Тұқта б. Тұғырыл туралы хикая; Сасы Бұқа б. Ирзанның билігі туралы хикая; Мұбарак ходжа туралы хикая; Джимбай (Чимбай) туралы хикая; Сасы Бұқа б. Хизр углан туралы хикая; Сасы Бука б. Хулфая туралы хикая; Орда-Шайх б. Темір ходжа туралы хикая; Орда-Шайх б. Мурид туралы хикая; Темір ходжа б. Азиз хан туралы хикая; Ирзан б. Хаджи хан

туралы хикая; Джимбай (Чимбай) б. Орыс хан билігі туралы хикая; Мұхаммед хан б. Темірбек ханның билігі туралы хикая; Туй-ходжа б. Тұқтамыш билігі туралы хикая; Темірбек хан б. Темір-Құтлұқ ханның билігі туралы хикая; Шадибек ханның билігі туралы хикая; Темір-Құтлұқ б. Темір-Сұлтан билігі туралы хикая; Тоқтамыс б. Джалал ад-Дин Сұлтанның билігі туралы хикая; Чакир углан туралы хикая.

Му'ин ад-Дин Натанзи бесінші тараудың алғысөзінде атаулы тараудың қысқаша мазмұнын түйіндейді. Кіріспеді Шыңғысханның (624/1227 қ.ж.) бұйрығымен Жошы хан б. Бату хан (650/1252 қ.ж.) және оның ұрпақтары мемлекеттің солтүстік шекараларын күзеткен. Натанзи жазуынша, бұндай жағдай Тоқай хан билікке келгенге дейін сақталған.

«Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» авторының айтуынша, Тоқта хан қайтыс болған кезде оның ұрпақтары екі топқа бөлініп, бірі өздерін Арам-Кан және Көк Орда деп атады. Олар Орыс, Джеркес, Ас, Махши, Булар, Маджар, Укек, Башгирд, Либтай, Хаджи-Тархан, Ақ-Сарай елдерін иеленді. Тайпалардың екінші бір бөлігі Жент, Баржыкент, Сығанақ елдерінің территорияларын алып, өздерін сол қанатқа (сол қол) жатқызды және оларды Ақ Орда деп атады. Натанзидің айтуынша, бұл ереже Жәнібек хан б. Бердібек хан билігі кезіне дейін ұстанған. Бұл жерде Рашид ад-Диннің «Джами ат-таварих» еңбегінде бұндай мәліметтердің берілмегендігін ескеру қажет.

Натанзи Көк Орда сұлтандарының ұрпақтарын жойғаннан кейін Бердібек хан Ақ Орда тайпаларына жататын Ұлыс Ирзан әмірлерін Көк Ордаға алып келіп, оларды билік тағына отырғызды деп жазады. Натанзидің айтуы бойынша, Ақ Орда сұлтандарының ұрпақтары екі ұлысты да басып алған және оның шығармасы жазылған уақытта ол жерде Джакира углан (Чакира углан) басқарған. Автордың жазуы бойынша, бұл белгіленген тәртіп сақталады және нық бекіген (Natanzi, 1957: 68-69).

Бату ханның дәуірін сипаттайтын бөлімде (Natanzi, 1957: 69-72) Натанзи Шыңғысханның байырғы отауымен қарым-қатынасына назар аударады. 639/1239-1240 жылы Үктай хан қайтыс болғаннан кейін ұлыста толқулар мен таққа талас басталды. Натанзидің айтуынша, «болып жатқан дау-дамайлардан ескенген Бату хан Гуюкті каан етіп тағайындауға келісуге мәжбүр болған.

Натанзи, Жошы хан мен Төле (Тулуй) хан рулары арасында болған берік достықты сипат-

тай келе, Төле ханның үлкен ұлы Мөңке ханның таққа отыру жағдайлары туралы айтады. Бұл оқиға Бату ханның бұйрығымен өткен. Бату хан 650/1252 жылы қайтыс болғаннан кейін Мөңке хан Ұлыс тағын әкесінің көзі тірісінде мұрагер деп танылған ұлы Сартаққа берген.

Натанзидің айтуынша, Берке ханның билік ету кезінде (652/1254-665/1267) Жошы хан ұрпақтарының мен Төле хан руымен қарым-қатынасы және шынайылық пен түсіністікке негізделген жақсы достық сипатта болған (Natanzi, 1957: 72-74). Алайда Хулагу хан (663/1265 қ.ж.) ұлысында болған оқиғалар екі ру ұрпақтары арасында жанжал туындап, әскери қақтығыстардың орын алуына әкеліп соқтырған. Натанзи сипаттағандай, Шибан баласы Балақан қастандықтары мен сатқындықтары үшін Берке ханның келісімімен Хулугу ханның бұйрығымен жазаланған. Осы кезде Мункукадардың ұлы Тутар мен Орданың ұлы Кули Хулагу ханның Ұлысында кенеттен қайтыс болады. Оларды қастандықпен у беріп өлтірді деген пікірді автор өз жұмысында жала деп көрсетеді. Хулагу хан мен Берке хан арасында орын алған бұл жанжал олардың ұрпақтарының қарым-қатынасына одан әрі кері әсер етті. Дұшпандық қатынастар мен қақтығыстар Мөңке-Темір (681/1282) кезінде де жалғасқан (Natanzi, 1957: 74). Алайда, 687/1288 ж. шайқаста Аргун ханның әскерінен ірі жеңілістен кейін Жошы ұрпақтары Хулагуидтермен араздық туралы ойлауды тоқтатқан. Бірақ, Натанзи атап өткендей, Жошы ұрпақтары тек сырт көзге достық лебіздерін көрсетіп, елдегі жағдайды барлау мақсатында жүйелі түрде Хулагуидтерге сый-сияпаттар тарту сылтауымен елшілерді жіберіп тұрған.

Туда-Мөңке билігі сипатталған бөлімде (Natanzi, 1957: 75-77) Жошы хан ұлысында орын алған бүліктер туралы жазылған. Ұлыстан Буркаджар ұлы Билихжидің қолдауымен Мөңке-Темір ұлы Тоқтаның қашуы, оның Ноғайдан көмек сұрауы сипатталған. Натанзидің айтуы бойынша, әкесі Тувук ұлы Татар болып табылатын нағыз батыр, жауынгер Ноғай Берке хан әскерінің бас қолбасшысы болған (Natanzi, 1957: 73). Натанзи Тоқта мен Ноғайдың қарым-қатынасын толық сипаттауға тоқталған (Natanzi, 1957: 75-76). Ноғай туралы айта отырып, Натан-

зи ол жаулап алған аймақтарды тізіп көрсетеді: Урус, Лах және Кахраб, оның негізінде ол өзінің иелігін құрған (Natanzi, 1957: 75). Ноғай айлакерлікпен Тоқтаға Жошы Ұлысы тағын алуға көмектеседі.

Тоқта билігі тарихына арналған келесі бөлімде (Natanzi, 1957: 77-82) оның Ноғаймен қарым-қатынасындағы араздықтың пайда болу себептері көрсетіледі (Natanzi, 1957: 77-78). Тоқта мен Ноғай арасындағы қарым-қатынас Ноғай ұлдарының Тоқтаға тиесілі жерлерді басып алғанынан кейін одан әрі шиеленісе түсті. Осы себепті екі жақ тарапынан да әскери дайындық басталды. Екі жақ әскері Тун өзенінің жағасында орналасқан Бахасмари аймағында кездесіп, шайқас басталды. Тоқта жеңіліс тауып, Сарайға оралды (Natanzi, 1957: 79). Ол артынша әскеріне қалың қол жинап, Ноғаймен соғысуға бет алды. Бұл жолы Ноғай оған қарсы тұра алмай жеңіліп, өзі қаза табады. Му'ин ад-Дин Натанзидің айтуынша, осы тарихи оқиғалардан кейін Жошы хан ұлысы Көк Орда және Ақ Орда болып екіге бөлінді.

Қорытынды

Му'ин ад-Дин Натанзи Жошы хан ұрпақтарының тарихын сипаттауда өзі қолданған дерек көздеріне сілтеме жасамайды. Алайда «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» шығармасында ака ва ини; йуриш; Эрам Кан; йурт; уруг; йаса; йусун; кенгадж; йасак; кишлак; йайлак және т.с.с. көптеген моңғол және түркі тілдері терминдердің болуы автордың түркі дереккөздерін қолданғандығын көрсетеді.

Біз тек кейбір оқиғаларды ғана атап өттік. Бірақ осы аздаған ақпараттың өзі «Зафар-наме», «Шамс ал-хусн», және «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» Шыңғыс хан ұрпақтарының саяси тарихын зерттеуде маңызды дерек көздері болып табылатындығын көрсетеді. Сонымен, ерте тимуридтік тарихнама шығармалары XIII – XV ғғ. басы аралығындағы Қазақстан тарихы бойынша құнды дерек көздерін қамтиды. Тимуридтік тарихшылардың тарихи еңбектерінде осы күнге дейін сақталмаған жазбаша дереккөздерден алынған мәліметтер бар.

Әдебиеттер

- Бартольд В.В. (1968) Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии // Сочинения. Т. V. – М.: «Наука». – 757 с.
- Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. (1950) Золотая Орда и ее падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР. – 480 с.
- Костюков В.П. (2007) Улус Джучи и синдром федерализма // Проблемы истории, филологии, культуры. Выпуск XVII. – М.: Магнитогорск; Новосибирск. – С. 454–489.
- Куми, Казим Ахмад б. Хусайн ал-Хусайни (2016). Трактат о каллиграфрах и художниках / пер с перс., прилож., комм. и примеч. О.Ф. Акимушкина. – М.: Сандра. – 486 с.
- Материалы по истории киргизов и Киргизии. Выпуск I. (1973) – М.: Наука. – 280 с.
- Материалы по этнической истории тюркских народов Центральной Азии. Извлечения из источников (2003). – Ташкент: «Фан». 218 с.
- Миклухо-Маклай Н.Д. (1975) Описание таджикских и персидских рукописей Института Востоковедения. Вып. 3. Исторические сочинения. – М.: «Наука». – 450 с.
- Стори Ч.А. (1972) Персидская литература. Библиографический обзор. В трех частях / Перевод с английского, переработан и дополнил Ю.Э. Брегель. Часть II. – М.: Наука. – С. 697-1314.
- Султанов Т.И. (2001) Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: Дайк-Пресс. – 276 с.
- Тизенгаузен В.Г. (1941) Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.2. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л.: Изд-во АН СССР. – 308 с.
- Тулибаева Ж.М. (2008) Улус Урус-хана // Взаимодействие мировых цивилизаций: история и современность: Сборник статей участников IX Московской научной конференции. – Москва, РУДН, 23 мая 2008 г. – М.: Изд-во РУДН. – С. 225-233.
- Ускенбай К.З. (2013) Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи. – Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ. – 288 с.
- Федоров-Давыдов Г.А. (1973) Общественный строй Золотой Орды. – М.: Изд-во МГУ. – 180 с.
- Юдин В.П. (1992) Переход власти к племенным биям и неизвестной династии Тукатимуридов в казахских степях в XIV в. (к проблеме восточных письменных источников, степной устной историографии и предыстории Казахского ханства) // Чингиз-наме. – Алма-Ата: «Ғылым». – С. 57-75.
- Allsen T. T. (1985) The Princes of the Left Hand: An Introduction to the History of the Ulus of Orda in the Thirteenth and Early Fourteenth Centuries // Archivum Eurasiae Medii Aevi. – 1985 [1987]. – Vol.V – P. 5-40.
- Natanzi, Mu'in al-Din (1957) Muntaxab al-tavarikh-i Mu'ini (Anonime d'Iskandar). Publies par Jean Aubin. Editions. – Teheran, 1336/1957. – 492 p.
- as-Salmānī (1956) Šams al-Husn, Eine Chronik vom Tode Timurs bis zum Jahre 1409, von Tāğ as-Salmānī. Persischer Text in Faksimile, ins Deutsche übertragen und kommentiert von Hans Robert Roemer. – Wiesbaden: Fr. Steiner. – 151 s. + 176 f.
- Shami, Nizam al-Din (1937) Zafar-namah, Ed. Felix Tauer, Histoire des Conquetes de Tamerlan, 2 vols. – Prague: Orientalní ústav, 1937-1956. – 610 p.
- Schamiloglu U. (1986) Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde. – Columbia University, 1986. – 286 p.
- Woods, John E. (1987) The Rise of Timūrid Historiography // Journal of Near Eastern Studies. – 1987. – Vol. 46, No. 2. – P. 81-108.

References

- Bartold V. V. (1968). *Dvenadcat' lekciy po istorii tureckih narodov Sredney Azii. Sochineniya* [Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia. Works] (Vol. 5). M.: Nauka, 757 p.
- Grekov B.D., Jakubovskiy A.Yu. (1950). *Zolotaya Orda i ee padenie* [The Golden Horde and its fall]. M.-L.: Izd-vo AN SSSR, 480 p.
- Kostyukov V.P. (2007). Ulus Dzhuchi i sindrom federalizma [Ulus Jochi and federalism syndrome]. *Problemy istorii, filologii, kul'tury. Vypusk XVII*. M.: Magnitogorsk; Novosibirsk, pp. 454–489.
- Kumi, Kazi Ahmad b. Husayn al-Husayni (2016). *Traktat o kalligrafah i hudozhnikah / per s pers., prilozh., komm. i primech. O.F. Akimushkina* [Treatise on calligraphers and artists / translated from Persian, app., comm. and note. by O.F. Akimushkin]. M.: Sandra, 486 p.
- Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. Vypusk I* [Materials on the history of Kyrgyzs and Kyrgyzstan. Issue I]. (1973). M.: Nauka, 280 p.
- Materialy po yetnicheskoy istorii tyurkskih narodov Central'noy Azii. Izvlecheniya iz istochnikov* [Materials on the ethnic history of the Turkic peoples of Central Asia. Extract from sources]. (2003). Tashkent: Fan, 218 p.
- Miklouho-Maklay N.D. (1975). *Opisanie tadzhikskikh i persidskih rukopisey Instituta Vostokovedeniya. Vyp. 3. Istoricheskie sochineniya* [Description of Tajik and Persian manuscripts of the Institute of Oriental Studies. Issue 3. Historical writings]. M.: Nauka, 450 p.
- Storey Ch.A. (1972). *Persidskaya literatura. Bio-bibliograficheskiy obzor. V treh chastyah. Perevod s angliyskogo, pererabotal i dopolnil Yu.E. Bregel'. Chast' II* [Persian literature: Bio-bibliographic Survey. In three parts. Translation from English, revised and supplemented by Yu.E. Bregel. Part II.]. M.: Nauka, pp. 697-1314.

Sultanov T.I. (2001). *Podnyatye na beloy koshme. Potomki Chingiz-hana* [Raised on a white felt. Descendants of Genghis Khan]. Almaty: Dayk-Press, 276 p.

Tizengauzen V.G. (1941). *Sbornik materialov, odnosyashhihsya k istorii Zolotoy Ordy. T.2. Izvlecheniya iz persidskih sochineniy, sobrannye V.G. Tizengauzenom i obrabotannye A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym* [Collection of materials related to the history of the Golden Horde. T.2. Extracts from Persian works collected by V.G. Tiesenhausen and processed by A.A. Romaskevich and S.L. Volin]. M.-L.: Izd-vo AN SSSR, 308 p.

Tulibayeva Zh.M. (2008) Ulus Urus-hana [Ulus of Urus Khan]. *Vzaimodeystvie mirovyh civilizatsiy: istoriya i sovremennost'. Sbornik statey uchastnikov IX Moskovskoy nauchnoy konferentsii. – Moskva, RUDN, 23 maya 2008 g.* M.: Izd-vo RUDN. pp. 225-233.

Uskenbay K.Z. (2013). *Vostochnyy Dasht-i Kypchak v XIII – nachale XV veka. Problemy yetnopoliticheskoy istorii Ulusa Dzhuchi* [Eastern Dasht-i Kypchak in the 13th – the beginning of the 15th centuries. Problems of the ethnopolitical history of Ulus Yochi]. Kazan: Izd-vo Fyem AN RT, 288 p.

Fedorov-Davydov G.A. (1973). *Obshhestvennyy stroy Zolotoy Ordy* [Social system of the Golden Horde]. M.: Izd-vo MGU, 180 p.

Yudin V.P. (1992). *Perehod vlasti k plemennym biyam i neizvestnoy dinastii Tukaturidov v kazahskikh stepyakh v XIV v. (k probleme vostochnykh pis'mennykh istochnikov, stepnoy ustnoy istoriografii i predystorii Kazahskogo hanstva)* [The transfer of power to the tribal biys and the unknown dynasty of the Tukaturids in the Kazakh steppes in the XIV century (concerning the problem of oriental written sources, steppe oral historiography and the prehistory of the Kazakh Khanate)] *Chingiz-name*. Alma-Ata: Gylym, pp. 57-75.

Allsen T.T. (1985). The Princes of the Left Hand: An Introduction to the History of the Ulus of Orda in the Thirteenth and Early Fourteenth Centuries. *Archivum Eurasiae Medii Aevi*. (Vol. 5), pp. 5-40.

Natanzi, Mu'in al-Din. (1957). *Muntaxab al-tavarikh-i Mu'ini (Anonime d'Iskandar)*. Publies par Jean Aubin. Editions. Teheran, 492 p.

as-Salmānī. (1956). *Šams al-Husn, Eine Chronik vom Tode Timurs bis zum Jahre 1409, von Tāğ as-Salmānī. Persischer Text in Faksimile, ins Deutsche übertragen und kommentiert von Hans Robert Roemer*. Wiesbaden: Fr. Steiner, 151 s. + 176 f.

Shami, Nizam al-Din. (1937). *Zafar-namah*, Ed. Felix Tauer, Histoire des Conquetes de Tamerlan, 2 vols. Prague: Orientalní ústav, 610 p.

Schamiloglu U. (1986). *Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde*. Columbia University, 286 p.

Woods, John E. (1987). The Rise of Timūrid Historiography. *Journal of Near Eastern Studies*. (Vol. 46, No. 2). pp. 81-108.